

2022-2023 оқу жылындағы 3 «А» сыныбының тәрбие жұмысының жылдық есебі

1. Оқу жылы бойынша сыныптың тәрбие жүйесін жоспарлау мен тиімділік мақсатын талдау:

Биылғы 2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысының жоспарын 8 бағыт бойынша жасадым.

2. Оқушылардың дамуында әлеуметтік жағдайының динамикасын талдау:

Барлығы 10 оқушы, 5 қыз, 5 ұл.

Көп балалы отбасынан сыныпта- 5 оқушы бар.

3. Сынып ұжымы дамуына талдау:

Сыныпты жалпы зерттегенде сыныпта белсенді бірнеше оқушылар бар. Сыныптағы оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы өте жақсы, қалыпты. Сыныптың топ басшысы Жақсыбай Абдрахим және Наурызбай Роза. Үздік оқитын оқушылар: Жақсыбай Абдрахим, Наурызбай Роза, Қалықова Раяна. Сыныптың рухани-психологиялық ауа-райы, оқушылардың қарым-қатынастық мінезі – қыз балалар өзара да, ер балалармен де сыпайы қарым-қатынаста. Қыз балалар да ер балалар да сынып ішінде шешім қабылдай алады.

Сынып оқушылары әр түрлі би, ән және спорттық үйірмелерге қатысады.

Оқушылар апталықтарда, олимпиадаларда, мектептің түрлі іс-шараларында қатысып, белсенділік таныта білді.

4. Мектеп өміріне сынып оқушыларының қатысуын талдау:

Мектеп шараларында сынып оқушыларының қатысуға қызығушылығы бар, белсенділік көрсете біледі. Спорт үйірмелеріне қатысатын Жақсыбай Абдрахим, Қали Әлихан, Мақсат Мейірлан. Жақсыбай Абдрахим аудандық күрестен өткен жарыстан 2 орын алды. Аудандық «Бастау» математикалық олимпиадасынан жүлделі II орын алды. Математика пәні бойынша қашықтықтан өткен «Жүзден жүйрік» олимпиадасына сыныптағы барлық оқушылар қатысып I және II орындарды иеленді. Сынып оқушылары түгел «SAPSAN» жалпы пәндік олимпиадасына қатысты, III орын алды. Халықаралық «Пони» байқауына қатысып III орын алған оқушылар Диханбай Жандәулет, Наурызбай Роза, мақсат Мейірлан. Жалпы аудандық, облыстық, республикалық олимпиадаларға қатысып жүлделі орын алып жүрген оқушылар өте көп.

5. Сынып оқушыларының дамуына талдау:

- Оқушылардың көркем-эстетикалық, еңбек және шығармашылық таным деңгейі, сынып кабинетінің тазалығын ұстау, мектеп формасын кию, сынып кезекшілігін жауапкершілікпен атқаруда, сенбілік жұмыстарын жүргізуде

олардың еңбек, көркем –эстетикалық деңгейін өте жақсы деп бағалауға болады.

- Оқушылардың әлеуметтік- мәдени өзгерісінің дамуына мектепте өтетін іс-шараларға қатысады
- 2022-2023 оқу жылы бойынша сынып оқушыларының білім деңгейлері , оқу үлгірімі жақсы. I-тоқсанда- 78%, II-тоқсанда - 70% болды, III және IV тоқсанда 70% білім сапасын көрсетті. Сыныпта I-тоқсанда 3 үздік, 2-тоқсанда 3 үздік болды, 3-ші және 4-тоқсанда 3 үздік және 4 екпінді оқушы болды.
- Олар:Қалықова Раяна,Жақсыбай Абдрахим,Наурызбай Роза .
- Екпінділер; Диханбай Жандаулет, Жолдасбай Інкәр, Жұмашев Ерасыл, Жұбанова Айару,Тәуекел Кәусар.

6.Отбасы мен педагогикалық қарым-қатынастың талдануы

Оқушы ата-аналарының сыныптың тәрбиелік қызметіне әсері бар. Сыныптағы ер балалар мен қыз балалардың қарым-қатынасының қалыптасуында кемшіліктерді жоюға, болдырмауға, тәрбие туралы әңгіме өткізуге ата-аналар ат салысты

7.Сынып жетекшісінің тәрбие жұмысының тиімділігі мен сыныптағы тәрбие үрдісінің ұйымдастырылуына талдау:

Сыныпта өткен тәрбие шараларының мазмұнынан оқушылардың аса ықыласпен қабылдағаны:

- «Мемлекеттік рәміздер-ұлттық мақтаныш» атты тәрбие сағаты;
- «Желтоқсан жұлдыздары» атты тәрбие сағаты.
- «Жаңа жыл мерекесі» мерекелік кеш
- «Ана өмір -шуағы» мерекелік кеш
- Оқушылардың рухани қалыптасуы мен дамуына әсер еткен тәрбие шаралары:
- «Әдепті бала-арлы бала», «Кітап – сарқылмас бұлақ» Саналы тәртіп пен еңбекке деген жауапкершілікті қалыптастыруда ықпал ететін шараларға:
- Сынып жиналыстары өткізілді.
- Сыныптағы тазалық жұмыстары жүргізілді..

8.Тұжырым:


Сәттілік пен табыс, тәжірибе жинақтау жайында:

Сынып оқушыларының бойына өз еңбегімен қатар өзгенің еңбегін қадірлеуге, тұрақтылықтылықтың тиімділігін білу, әділдікті сүю, өз ойын еркін айту сияқты қасиеттердің қалыптасуына үлес қостым. Олардың жеке тұлға ретінде қоғамның бір мүшесі екенін ұғындыра білдім деп айта аламын.

Сынып жетекшісі: А.К.Ашиқбаева

1 мамыр мерекесі ,достық, ынтымақ күні.







7 мамыр- Отан қорғаушылар күні мерекесіне орай өткен тәрбие сағатынан.



Кітап- сарқылмас байлық.

